

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**

Топ: **ортанғы «Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.10 - 20.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Курманбаева Ж.К.

| Апта күндері | <i>Дүйсенбі</i> | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i> | Жұма |
|---|--|---|---|---|--|
| Балаларды қабылдау | Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | "Демалыс күнін балаңызben бірге қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға топ бөлмесінде тәртіп сақтауды үйрету: ойыншықтарды, құрылыш материалдарын орындарына жинау, оларды сыйндырмау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға өз қолдарынан келетін еңбек түрлері туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа туралы естеріне салып отыру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалар белгіленген рет бойынша киініп-шешину дағдыларын менгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелуе, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру және тағы басқа іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішү жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру. |

| | | | | |
|--|---|--|---|--|
| <p>ҚР. Гимнін орындауды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>"Апта күндері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Апта күндерін атап, еске сақтауды үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Нан дастарқанға қалай келеді?" Мақсат-міндеттері. Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Балабақша ережесін сақтау" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Балабақшада өзін дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы). Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылыш жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, шайды сұйыққа жатқызамыз. <p>Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қаншалықты білетіндерінді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бір-біріне бірнеше ұқсас суреттер: бірінен су құйылыш жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.</p> | <p>Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем". Мақсат-міндеттері. Балаларды қымылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)</p> <p>Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)</p> <p>Қасымдағы көршіме. (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p> <p>Сөздік ойын. «Сиқырлы қалта» Мақсат-міндеттер:</p> | <p>"Дойбы" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын мақсат-міндеттері. Қарсыластың фигуralарын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. (зияткерлік дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қымылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық сұы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шеп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)</p> |
|--|---|--|---|--|

| | | | | |
|--------------------|---|---|--|---|
| | | <p>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Адымдар" дамытушылық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту.</p> <p>Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады.</p> <p>Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.</p> <p>Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады.</p> <p>Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ женіске жетеді. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> | <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>Зерттеу іс-әрекеті Құм терапиясы Мақсат-міндеттер: құмның қасиетін анықтай отырып зерттеу жүргізеді.</p> |
| Ертеңгілік жаттығу | <p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыйытын текшелермен)</p> <p>1. Бастанқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастанқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|--|--|--|
| | <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дene бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дene шынықтыру, дербес әрекет)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстau, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш,</p> <p>Сораптамай, баппен іш.</p> <p>Келген асты алдына</p> <p>Тауысып іш, қалдырма.</p> <p>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Үйимдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту. Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы нан өсірумен және өндірумен айналысадын кәсіптер туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.</p> <p>Барысы: педагог</p> | <p>"Құймақты жай" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзben анықтай білуге машықтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды рет-</p> | <p>"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту.</p> <p>Барысы: балалар</p> | <p>"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.</p> <p>Барысы: шенберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың қазақ тілінде көпшілігін атаған жеңімпаз болады.</p> |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|--|
| | | <p>сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайнер және тағы басқа.)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> | <p>ретімен нөмірлайді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше.</p> <p>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> | <p>(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> |
| <p>Мектепке дейінгі үйым кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>Дене шынықтыру "Нанның құдіреті". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүргуге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүргуге үйрету және допты лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" қымылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға еніс тақтайдағы үстімен жүруді үйрету.</p> | <p>Дене шынықтыру "Ас - адамның арқауы". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүргүп, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсү және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүргүп, шенбер құрау қабілеттерін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді тұрде жүргүп, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын дамыту.</p> | <p>Музыка "Дастанқан көркі — нан" Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажыратып білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғактарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; наның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғактарын</p> | <p>Дене шынықтыру "Нан бар жерде ән бар". Мақсат-міндеттер. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүргүп дағдыларын жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді тұрде жүргүп; допты лақтыру және қағып алу дағдыларын бекіту.</p> | <p>Қазақ тілі "Алтын күз". Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгертуді, қарапайым сөз тіркестерін құрауды, құстардың атын атау дағдыларын жаттықтыру.</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|---|--|
| | | | үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оку қызметіне белсенділіктерін арттыру. | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | <p>Күн - жылу мен жарық көзін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу.</p> <p>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.</p> <p>- Күнге қарағанда өзінді қалай сезінесін?</p> <p>- Күнге тұра қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?</p> <p>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жагын жауып, қараңғы</p> | <p>Желді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағыландыру.</p> <p>"Тұтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)</p> <p>Педагог әрбір баланың алдына тұтікше мен лентаны</p> | <p>Суды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ідісқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқарап, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, үғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сүйік, әртүрлі температурага</p> | <p>"Ауа райын бақылау (бұлтты қүн)". (коршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай құмылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр!</p> <p>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сүйік, әртүрлі температурага</p> | <p>Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (коршаған ортамен танысу)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.</p> <p>Еңбек: күм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: балаларға жұмбак жасыру.</p> <p>Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.)</p> <p>Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.)</p> <p>"Койлар мен қойшы" ойыны.</p> |

| | | | |
|---|---|--|--|
| <p>жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.</p> <p>Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылууды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машиқтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.</p> <p>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі</p> | <p>(қағаздан қылған жолақ та жарайды) береді.</p> <p>- Балалар, қазір біз қажетті қүшпен үрлеуді жасап, тұтікшеден желді үрlep шығарамыз.</p> <p>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрlep, лентаны қатты желбіретесіндер.</p> <p>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер тұtікшеге ақырын үrlep, баяу желді bіlдіresіnдер.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан қурап тұsken ұsaқ бұtaқтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міnдеттері.</p> | <p>ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсан заттарды бейнелейді.</p> <p>Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне караса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - тұbіnде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіberсе, олар нақтылы көрінеді.</p> <p>"Күn мен жaңбыr" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міnдеттері.</p> <p>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүgіруге жәne біr-bіrіne соғымай, біr жerге жinaлуғa daғdylandyru;</p> <p>вестибуляр аппаратын, кеніstіktі бағdarlau қabіletіn жetіldіru; eptіlіkke, dostyққa tәrbieleu.</p> <p>Еңбек әрекеті: құmsalғыштың betіn қoқyс bұtalardan tazalau.</p> | <p>Tыrс-тыrс! Тыrс-тыrс! (bіr aяқpen sekіru)</p> <p>Tarс-tұrс! Tarс-tұrс! (ekіnshі aяқpen sekіru)</p> <p>Шылp-шылp! Шылp-шылp! (ekі aяқpen sekіru)</p> <p>Еresecetermen біргe оryndalatatyн қarapaiyim eңbek tapсыrmalary: gүl suarу.</p> <p>Мақsат-mіndettteri.</p> <p>Tұsken gүl жapyraқtarыn tyrmamен tазalaу.</p> <p>"Ormanдағy aюda" қimyl-kozғalys oйynы. (dene шынықтыru, kөrkem sz)</p> <p>Мақsат-mіndettteri.</p> <p>Balalardy oйyn shartыn bузbай, taқpaқ sozderіn aitya jүrіp, қimylardarды jaсauғa, bіr-bіrіne соғymay, bіr baғytta жyldam jүgіrugе daғdylandyru;</p> <p>үyymshyldyққa tәrbieleu.</p> <p>Baқylaу: «Solyp қalғan gүlderdei baқylaу»</p> <p>Мақsат-mіndettteri.</p> <p>Balalardy kүz mezgіliniң erекshelikteriмен tanystyryp etip, balabaқsha auласыndaғy</p> |
|---|---|--|--|

| | | | | |
|--|--|--|--|--------------------------------------|
| <p>керек.</p> <p>"Ақсүйек" жерге тұскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздендер, кім жылдам табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам экеліп беруі керек.</p> <p>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі.</p> <p>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p>Жабдығы: ақсүйек.</p> <p>"Орт сөндірушілер окуда" ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қабырғаға өрмелуе біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.</p> <p>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, аланды шыгарылған материалмен ойындар.</p> <p>"Шеңберге дәлде".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> | <p>оыйн ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру;</p> <p>вестибуляр аппаратын дамыту;</p> <p>ептілікке,</p> <p>ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақырын-акырын итеріп,</p> <p>Әткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп,</p> <p>Шеңберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.</p> <p>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Орамал" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды шапшандыққа баулу, ойынға</p> <p>қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс.</p> <p>Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек.</p> <p>Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойынши қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.</p> <p>Күғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды</p> | <p>(таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады.</p> <p>"Аю" алаңың бір шетінде ұйықтаған болып отырады. Балалар алаңың екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтЫп, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай жүреді.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен.</p> <p>Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық</p> <p>Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.</p> <p>Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады.</p> <p>Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады.</p> <p>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.</p> <p>Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> | <p>күзгі ғұлдерге назар аударту.</p> |
|--|--|--|--|--------------------------------------|

| | | | | |
|------------------|---|--|---|--|
| | <p>қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шенбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды менгерудегі басты міндепті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қымылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойндар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қымыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қымылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойндарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.</p> <p>"Кім мәреге жетеді?" қымылды ойн-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қымыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қымылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойндарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>"Түстерді тап" қымыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қымылдарды орындауға бейімдеу.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойндар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> | |
| Серуенниен оралу | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктең қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | |

| | | | | | |
|--|---|---|---|--|--|
| | <p>Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Сүға қолын созды.</p> | | | | |
| Түскі ас | <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстай, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлышты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Түскі үйқы | <p>Балалардың тыныш үйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | <p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. "Алтын жұмыртқа" ертегісін оқып беру.</p> <p>(көркем әдебиет)</p> | <p>Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш үйқытауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.</p> <p>(музыка)</p> | <p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Жалқау мысық» ертегісін оқып беру.</p> <p>(көркем әдебиет)</p> | <p>Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш үйқытауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)</p> |
| Біртіндеп үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | <p>Төсектегі жаттығулар. Үйқыдан оянғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жаңына созады, демдерін еркін шығарады. 2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады. 3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді. 4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жаңына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді <p>Төсектен тұрғызу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> | | | | |
| Бесін ас | <p>Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс;</p> <p>әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел | <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Еркежан әжей нан пісірді"</p> | <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</p> | <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Тандыр нан".</p> | <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Еркежан әжейдің түрлі</p> | <p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> |

| | | | | |
|---|---|---|--|---|
| <p>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p> <p>атты суреттер сериясы бойынша әңгімелуе. Мақсат-міндеттері. Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айттып, қатысуға үйрету. "Сен не істедін?" сөздік жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Қоршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Ақ бидай". Мақсат-міндеттері. Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде маглұмат</p> | <p>"Әженің бауырсақтары". Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дene мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту.</p> <p>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы. Педагог барлық жыл мезгіліне тән</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сзықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзben пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту.</p> <p>Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай". Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу) Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды</p> | <p>бауырсақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илен, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету. Құрылыш нәтижесімен ойнату. (құрылыш, сөйлеуді дамыту).</p> | <p>"Күз кереметі". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айның ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Күз аруның қойлегін bezendіr". Мақсат-міндеттері. Жапырактармен әрлеуді дағдыландыру. (жапсыру)</p> <p>"Күршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жиаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту. Құрал-жабдықтар: балалар жиазының заттары. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа құршағына жаңа жиаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр.</p> |
|---|---|---|--|---|

| | | | | | |
|------------------------------|--|---|---|---|--|
| | <p>беру; «Ас атасы – нан» үғымын бекіту.</p> <p>"Қандай тағам?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> | <p>күбылысты сипаттайды, балалар күбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті.</p> <p>Балаларды өз жауаптарын бір сөзben ғана емес, сондай-ақ күбылыстың не себепті болғанын түсіндіру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Тоқаштардың бояу.</p> <p>(сурет салу)</p> <p>Зертеу іс-әрекеті Мақсат-міндеттер. Ауаны зертей отырып, оның қасиетін анықтайды.</p> | <p>айналдыру)</p> <p>Томпақ-томпак, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)</p> <p>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)</p> <p>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біrine айқастыру)</p> <p>Жалпақтап.</p> <p>"Тәтті қамыр" Мақсат-міндеттері. Тәтті қамырдан тоқаштарды жасау. (мүсіндеу)</p> | | <p>Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды.</p> <p>Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жаңына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді.</p> |
| Балалармен жеке жұмыс | <p>Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Жауын" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде табиғи күбылыстардың ерекшеліктері туралы әнгімелесу. Бала тілін жаттықтыру.</p> <p>Әртүрлі өлең, тақпақтарды</p> | <p>Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Таңертең" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері туралы әнгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауаптарын талап ету.</p> <p>Бала тілін жаттықтыру.</p> <p>Әртүрлі өлең,</p> | <p>Жұмбақ жаттау. Мақсат-міндеттері. Жұмбактардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.</p> <p>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|---|---|---|
| | | <p>айтқызу. Төленді Нұрмұхамедов "Жауын". Қызыл отты қамшысы Көкке жарқыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады.</p> <p>Жаңбыр жауып өтеді: Куанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді, Бір шомылып алғанда-ақ!</p> | | <p>тақпактарды айтқызу. Қастек Баянбаев "Танертең". Ерте түрғым келмейді, Бірақ тағы тұрамын. Көзім түк те көрмейді, Естімейді құлағым. Суды ағызып ақырын, Жұған болам бетімді. Кешегі көп ақылым Кеміп қалған секілді. Бала баққа бүгін де Барғым келе қоймайды. Жақсы көрем үйімде Кейде жеке болғанды. Бірақ үйден шығамын Қол ұстасып көкеммен. Ашылып көз-құлағым, Бала баққа жетем мен. (сөйлеуді дамыту)</p> | |
| Серуенге дайындық | | Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киүнді түсіндіру. Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | |
| Серуен | <p>Күн - жылу мен жарық көзін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауга тәрбиелеу.</p> | <p>Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау</p> | <p>Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ыңдықта құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың</p> | <p>"Ауа райын бақылауды жалғастыру (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.</p> | <p>Жерге түскен жапырақтарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атаяу.</p> |

| | | | | |
|--|---|---|--|---|
| <p>Зерттеу.</p> <p>Күнгө қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді үсүнү.</p> <p>- Күнгө қарағанда өзінді қалай сезінесің?</p> <p>- Күнгө тұра қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?</p> <p>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жагын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.</p> <p>Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.</p> <p>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.</p> <p>Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға</p> | <p>нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.</p> <p>"Тұтікшемен үрlep, лентаны желбіретейік"</p> <p>жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)</p> <p>Педагог әрбір баланың алдына тұтікше мен лентаны (қағаздан қылған жолақ та жарайды) береді.</p> <p>- Балалар, қазір біз қажетті құшпен үрлеуді жасап, тұтікшеден желді үрлеп шығарамыз.</p> <p>- Мен "Жел қатты соғып тұr" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіндер.</p> <p>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер тұtіkшеге ақырын үrlep, баяу желді белдіресіндер.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан курап түскен ұсақ</p> | <p>қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқаыштыққа, ұфынталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температурага ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, сұық). Су мөлдір, айна ұқсан заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа</p> | <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қымылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр!</p> <p>Арық сұы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын!</p> <p>Жауған жерің шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)</p> <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.</p> <p>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру, көркем</p> | <p>Еңбек: құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: балаларға жұмбак жасыру.</p> <p>Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.)</p> <p>Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.)</p> <p>"Қойлар мен қойшы" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көніл аудара білуді үйрету.</p> <p>Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді.</p> <p>Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>"Қойшы шықты ертемен, Қойларын бағып далаға. Қойлар маңырайды, Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап,</p> |
|--|---|---|--|---|

| | | | | |
|---|--|---|--|--|
| <p>машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.</p> <p>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.</p> <p>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздендер, кім жылдам табар еken?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам экеліп беруі керек.</p> <p>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қызып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі.</p> <p>Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p>Жабдығы: ақсүйек.</p> <p>"Орт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қабырғаға өрмелуе біліктіліктерін</p> | <p>бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Аула сыпышуға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін күрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>"Әткеншек" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шенберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шенбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақырын-акырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам</p> | <p>шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Үқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Орамал" қымыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшандыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалар шенбер құрып отырады, шенбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс.</p> <p>Шенбер бойында отырган баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала</p> | <p>сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға жүргізуши бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады.</p> <p>"Аю" алаңның бір шетінде үйықтаған болып отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинағанға үқсан, "аюға" қарай жүреді.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", "балаларға"</p> | <p>қораға экеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталаңады. Дене шынықтыруға арналған ойындар. Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту.</p> |
|---|--|---|--|--|

| | | | | |
|---|--|--|---|--|
| <p>бекіту; зейіндерін дамыту.</p> <p>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, аланда шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>"Шеңберге дәлде".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Нысанага дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> | <p>жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Сонғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталауды мүмкін.</p> <p>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды менгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.</p> <p>Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған</p> | <p>артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек.</p> <p>Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.</p> <p>Құбыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.</p> <p>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру;</p> <p>ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады.</p> <p>Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады.</p> <p>Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды.</p> <p>Ойынның сонында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> <p>"Тұстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша тұстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> | |
|---|--|--|---|--|

| | | | |
|---|---|--|--|
| | <p>материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қымылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p> | | |
| Серуенниен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | <p>"Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз мезгіліне байланысты әндерді үйрету. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында ұннан жасалған тағамдар түрлерін жасау, сурет салу, бояу. (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)</p> <p>Рөлдік еркін ойындар.</p> <p>"Бауырсақ" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Театр өнеріне машиқтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Автор: "Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір құні шал кемпіріне айтады."</p> <p>Шал (1-бала): "Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші."</p> <p>Кемпір(2-бала): "Неден пісірейін? Ұн жоқ қой."</p> <p>Шал: "Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсөн. Бір бауырсақ пісіретін ұн табылар."</p> <p>Автор: "Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына сұытуға қояды. Жата-жата жалықкан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады."</p> <p>Қоян(3-бала): "Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"</p> <p>Бауырсақ(4-бала): " Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тындалап көрші."</p> <p>"Әже қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған, Қаймаққа илеген,</p> | | |

Майға пісірген,
Терезе алдына сүйтқан,
Бауырсақпын домалақ!
Атадан кеттім,
Әжеден кеттім,
Қоян сенен де кетемін!"

Автор: "Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішінен домалап келе жатқанда алдынан қасқыр шығады."

Қасқыр(5-бала): "Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"

Бауырсақ: "Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдалап көрші."

Бауырсақтың әні.

Автор: "Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандалап аю шығады."

Аю(6-бала): "Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"

Бауырсақ: "Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдалап көрші."

Бауырсақтың әні.

Автор: "Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса, алдынан тұлкі шыға келеді."

Тұлкі(7-бала): "Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісің!"

Автор: "Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Тұлкі болса тыңдаған болып, білдірмей бауырсаққа жақындалап отырады."

Бауырсақ: "Әже қойма қырнаған,

Екі уыс ұн жинаған,

Қаймаққа илеген,

Майға пісірген,

Терезе алдына сүйтқан,

Бауырсақпын домалақ!

Атадан кеттім,

Әжеден кеттім,

Қоян сенен де кетемін!"

Тұлкі: "Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өлеңді тағы бір айтып берші."

Автор: "Бауырсақ мақтағанға мәз болып, тұлкінің тұмсығына шығып, өлеңін айта бастағанда, тұлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды."

Балалардың үйге

Кенес.

"Ұлкендерге құрмет"

Ата-аналарға кенес.

Ата-аналарға арналған

Ата-аналармен жеке

| | | | | | |
|--------------------------------|--|----------------------------|--------------------------------|---|---|
| қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | тақырыбында әңгімелесу. | "Қыңырлықты түзеу жолдары". | сауалнама. "Отбасындағы саламатты өмір салтының шарттары". | әңгімелесу. Көзге арналған түзету гимнастикасы. |
|--------------------------------|--|----------------------------|--------------------------------|---|---|